

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық пендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы № 734 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 215-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық пендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 29 тамыздағы
№ 734 қаулысымен
бекітілген

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидалары

Осы Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымы 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымдары қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 215-бабына сәйкес әзірленді және әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген

жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемесінде орналасқан медициналық ұйымда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін тағайындау және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) зейнетақы төлемдері – жасына байланысты, еңбек сіңірген жылдары үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан, сақтандыру ұйымынан, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін ақша төлемдері;

2) еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемі – әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға Кодекске сәйкес төленетін ақша төлемдері;

3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

4) зейнетақылар және жәрдемақылар беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиялары бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

5) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы филиалдары;

6) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтары – жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылған және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін

қызметтерге мұқтаж адамдарға (отбасыларға) стационар, жартылай стационар, уақытша болу жағдайларында және үйде арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар;

7) орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі – ОДҚ) – Кодекспен белгіленген жағдайларда төлем түрлерін жүзеге асыруға арналған уәкілетті мемлекеттік органның орталықтандырылған дерекқоры;

8) медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі – МӘС) – мүгедектікті және (немесе) еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеп (белгілемей), куәландырылатын адамның организмі функцияларының тұрақты бұзылуынан туындаған тыныс-тіршілігінің шектелуін бағалау, сондай-ақ оның әлеуметтік қорғау шараларын қажетсінуін айқындау;

2-тарау. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау тәртібі

2. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі – Қарулы Күштерде, әскери прокуратура органдарында қызметін өткерген әскери қызметшілерге;

2) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі – ішкі істер органдарында, азаматтық қорғау органдарында, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте қызметін өткерген әскери қызметшілер мен қызметкерлерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдардағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті – ұлттық қауіпсіздік органдарында және Қазақстан Республикасының "Сырбар" сыртқы барлау қызметінде қызметін өткерген әскери қызметшілер мен қызметкерлерге;

4) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде қызметін өткерген әскери қызметшілер мен қызметкерлерге;

5) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы – прокуратура органдарында қызметін өткерген қызметкерлерге (әскери прокуратура органдарын қоспағанда);

6) Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі – Экономикалық тергеп-тексеру қызметінде қызметін өткерген қызметкерлерге;

7) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметте қызметін өткерген қызметкерлерге.

3. Арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар соңғы қызмет орны бойынша жүзеге асырады.

4. Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған, 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін қызметке алғаш кірген және 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қызметтен босатылған, қызметтен босатылған күнге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін тағайындау шарттары болған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар соңғы қызмет орны бойынша жүзеге асырады.

5. Осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген уәкілетті мемлекеттік органдар (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік органдар) осы Қағидаларды нақтылау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерінің, сондай-ақ арнайы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың қызмет өткергенін және қызметінен босатылған күнгі ақшалай қамтылым мөлшерін растайтын құжаттар тізбесін айқындайды. Құжаттарды қабылдауды уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде ведомстволар немесе аумақтық органдар (бұдан әрі – бөлімшелер) жүзеге асырады.

6. Уәкілетті мемлекеттік органдар осы Қағидаларды нақтылау жөніндегі нұсқаулықты өз қызметінің ерекшелігін ескере отырып қабылдайды.

7. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін жүгінген адам тұрғылықты жеріндегі бөлімшеге мынадай құжаттарды қоса беріп отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді:

1) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шотының не қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының нөмірі туралы мәлімет;

2) 3x4 см көлеміндегі фотосурет (2 дана);

3) пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен міндетті зейнетақы жарналары аударылған адамдар үшін – әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың пайдасына 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін бюджет қаражаты есебінен аударылған міндетті зейнетақы жарналары сомасының 50 пайызының жеке зейнетақы шотынан есептен шығарылғаны туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша растау-анықтама;

4) мүгедектігі бар адамдар үшін – мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі және болған жағдайда, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін/жәрдемақы алушының куәлігі;

5) Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған адамдар үшін, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда – Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, олардың тіркелгені туралы анықтама.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы бұрын еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін ұсынылған құжаттарға қосымша берілген еңбек өтілі туралы құжаттарды ұсынған кезде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін өзгерту, зейнетақы мөлшерін қайта қарау туралы өтініш берілген күннен бастап жүргізілген арттыруларды ескере отырып, уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

8. Бөлімше осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдап, осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес айқындалатын тізбеге сәйкес құжаттарды талап етіп, оларды түскен күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қағаз немесе электрондық форматта тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға жібереді.

9. Уәкілетті мемлекеттік органдар барлық қажетті құжатты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде зейнеткерлік істі қалыптастырады, Кодекске сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүргізеді, тиісті уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылатын куәлікті береді.

Егер еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мүгедектігі бар адамдардың тиісті санаттары үшін белгіленген мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының мөлшерінен аз болса, мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне мүгедектігі бар адамдардың осы санаты үшін белгіленген мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне дейін тиісті қосымша ақылар түрінде Кодекстің 177-бабының 8-бөлігіне сәйкес жүргізіледі.

10. Өтініш берушіге еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаудан бас тартылған жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдар он жұмыс күні ішінде құжаттарды бас тарту себептері туралы хатпен бөлімшеге қайтарады, ол үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабардар етеді.

3-тарау. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

11. Уәкілетті мемлекеттік органдар Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 1-ИУ, 1-ВС нысандары бойынша еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға арналған үзінді көшірмелер (оның ішінде 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқығын тіркеген адамдар бойынша) бір данада қағазда немесе электрондық түрде береді. Үзінді көшірмелер қағаз түрінде жолданған жағдайда осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарлама қоса беріледі.

12. Кодексте көзделген жыл сайынғы арттыруға, айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерлері өзгерген жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес 1-ВС-арттыру, 1-ВС/1-арттыру нысандары бойынша қағаз немесе электрондық форматта еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемінің жаңа мөлшері туралы үзінді көшірмелер дайындайды және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламаны қоса беріп, Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына бір данада жолдайды.

Қызмет өтілінің, ақшалай қамтылым мөлшерінің өзгеруіне байланысты еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерлері өзгерген жағдайда

уәкілетті мемлекеттік органдар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламаны қоса беріп, осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 1-ИУ, 1-ВС нысандары бойынша қағаз немесе электрондық форматта еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің жаңа мөлшері туралы үзінді көшірмелер дайындайды.

Мүгедектік белгіленген жағдайда уәкілетті мемлекеттік органдар осы Қағидалардың 7-тармағының б) тармақшасында көзделген құжаттарды ұсынған кезде мүгедектік белгіленген күннен бастап осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-ВС нысандары бойынша қағазда немесе электрондық форматта үзінді көшірмелер дайындап, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес 1-В/Л нысаны бойынша хабарламаны қоса беріп, Мемлекеттік корпорация филиалына бір данада жолдайды.

Алушының тегі, аты немесе әкесінің аты (бар болса), банктік шотының нөмірі, туған күні, тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушы бөлімшеге тиісті өзгерістерді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес осы өзгерістер туралы өтініш береді.

Жаңа деректемелері бар үзінді көшірмені уәкілетті мемлекеттік орган Мемлекеттік корпорация филиалдарына жібереді.

13. Түскен үзінді көшірмелер Мемлекеттік корпорация филиалдарында осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үзінді көшірмелерді тіркеу журналында тіркеледі және Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жіберіледі.

14. Мемлекеттік корпорацияның филиалдары үзінді көшірмелер түскен кезде оларды осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үзінді көшірмелерді тіркеу журналында тіркейді, "Зейнетақы және жәрдемақы төлеу жөніндегі орталықтандырылған дерекқор" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде алушылардың карточкасын жасайды және карточкаға тиісті деректерді не олар бойынша өзгерістерді енгізеді.

Мемлекеттік корпорация филиалдары үзінді көшірмелер, төлемдерді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы хабарламалар электрондық түрде түскен кезде оларды осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үзінді көшірмелер мен хабарламалар туралы мәліметтерді электрондық тіркеу журналында тіркейді.

15. Алушылар бойынша енгізілген және қолда бар деректер негізінде Мемлекеттік корпорация еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін бюджет қаражатына қажеттілікті қалыптастырып, оны төленетін ай алдындағы айдың 25-і күніне қарай Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) ұсынады.

16. Министрлік тиісті кезеңге арналған төлемдер бойынша жиынтық қаржыландыру жоспары шегінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жолдайды.

17. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын алысымен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ олардан ұстап қалуды жүзеге асыруға төлем тапсырмаларын жасайды.

18. Мемлекеттік корпорация төлемді:

1) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шотқа есепке жатқызу;

2) "Қазпошта" акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушылардың үйіне жеткізіп беру арқылы жүргізеді.

19. Алушылардың мынадай санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе сырқаттануы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға;

2) сексен жасқа жеткен адамдарға;

3) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

4) бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулығына байланысты банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

5) пошта байланысының бөлімшелері (пункті) болмаған кезде ауылдық жерде тұратын адамдарға төлемдер үйіне жеткізіп беріледі.

20. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін беру зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шоттарға есепке жатқызылған сомалар шегінде, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес 7Д нысанындағы тізім-ведомость бойынша жүргізіледі.

21. 7Д нысанындағы тізім-ведомость екі данада басып шығарылады және зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның және Мемлекеттік корпорация филиалының қолтаңбасымен және мөрімен расталады, олардың әрқайсысында бір-бір данада сақталады.

4-тарау. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарындағы адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

22. Мемлекеттік корпорация арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарынан не орталық атқарушы органның ақпараттық жүйесінен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін және (немесе) 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарына түсуі немесе одан шығуы туралы ақпарат түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны уәкілетті мемлекеттік органға жолдайды.

Уәкілетті мемлекеттік органдар Мемлекеттік корпорациядан көрсетілген ақпарат түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) алушы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына түскен (одан шыққан) айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін

тағайындалған мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тоқтата тұру (қайта бастау) туралы;

2) Кодекстің 216-бабының 6-бөлігінде белгіленген көлемде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін белгілеу туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті мемлекеттік органдар шешім қабылданған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында стационар жағдайында тұратын адамның зейнеткерлік ісінен осы Қағидаларға 8-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үзінді көшірмені жібереді. Мемлекеттік корпорация үзінді көшірмелер түскен кезде алушының карточкасына тиісті өзгерістер енгізеді. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің тағайындалған мөлшерінің 70 пайызын аудару арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының жеке банктік шотына немесе қолма-қол ақшаның бақылау шотына жүргізіледі.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші түскен жағдайда Кодекстің 216-бабы 6-бөлігінде белгіленген еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің көлемі тиісті ұстап қалудан кейін айқындалады. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында тұратын адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің сомаларын есепке жатқызу Кодекстің 216-бабының 6-бөлігіне сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

23. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар бас бостандығынан айыруға сотталған жағдайда көрсетілген төлем сомаларын Мемлекеттік корпорация сотталғандар жазасын өтеп жүрген қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің арнайы шотына есепке жатқызады.

24. Сотталған адам еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері оған қай кезеңге жүргізілгенін көрсетіп, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігіне жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі өзі орналасқан жердегі тиісті бөлімшеге хатпен жүгінеді, онда сотталған адамның тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), оның бұрынғы тұрғылықты мекенжайын, оған зейнетақы төлемдері қай кезеңге төленгенін, сондай-ақ жазасын өтеу мерзімі мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің деректемелерін көрсетеді.

25. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері орналасқан жердегі бөлімше қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінен хабарлама алысымен бұрынғы тұрғылықты жеріндегі (ол сотталғанға дейінгі) бөлімшеден сотталған адамның зейнеткерлік ісін сұратады.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушының бұрынғы тұрғылықты жеріндегі уәкілетті мемлекеттік орган Мемлекеттік корпорацияның

филиалдарына осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес 1-Б/ВС нысаны бойынша төлемді тоқтатуға хабарлама береді.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі орналасқан жердегі уәкілетті мемлекеттік орган зейнеткерлік істі алысымен оны есепке қояды және Мемлекеттік корпорацияның филиалына осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 1-ИУ нысаны бойынша зейнеткерлік істен үзінді көшірмені жібереді.

26. Мемлекеттік корпорация филиалы 1-ИУ нысаны бойынша үзінді көшірме негізінде тағайындалған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің арнайы шотына аудару үшін ОДҚ-да өзгерістер енгізеді.

6-тарау. Тұрғылықты жері өзгерген кезде азаматтарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру

27. Қазақстанның басқа өңіріне не Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері алушының тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылған айына қоса жүзеге асырылады.

Уәкілетті мемлекеттік орган не оның бөлімшесі Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге кететін адамның зейнеткерлік ісін басқа елдердің уәкілетті органдарының сұратуы бойынша он жұмыс күні ішінде жібереді.

28. Алушыны төлемнен алуды Мемлекеттік корпорацияның филиалы осы Қағидаларға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес 1-Б/ВС, 1-Б/ВС/2 нысандары бойынша қағаз немесе электрондық форматта уәкілетті мемлекеттік орган не оның бөлімшесі ұсынатын хабарламалар негізінде жүргізеді, ол туралы ОДҚ-да тиісті белгі жасалады.

29. Алушы Қазақстанның басқа өңірінен көшіп келуіне байланысты жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркелген кезде Мемлекеттік корпорация филиалы алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша төлем жүргізілген айдан кейінгі айдан бастап еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады.

30. Шетелдікке және азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері Қазақстан Республикасының аумағында жеке басын куәландыратын құжатының қолданылу мерзімі ішінде жүргізіледі.

Шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрады, ал құжаттың қолданылу мерзімі ұзартылған кезде тоқтатыла тұрған еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта төленеді.

7-тарау. Қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау және оны Мемлекеттік корпорациядан төлеу тәртібі

31. Жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) және отбасы мүшелеріне берілетін біржолғы жәрдемақыны тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған адамның бұрынғы тұрғылықты жері бойынша бөлімшеге осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және мынадай құжаттар:

1) жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі не заңды тұлғаны (заңды тұлғалар үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (куәлік) немесе жерлеуді жүзеге асырған дара кәсіпкердің патенті (жеке тұлғалар үшін);

2) қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама;

3) зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шотының нөмірі туралы мәліметтер ұсынылады.

Бұдан басқа, біржолғы жәрдемақыны тағайындау үшін қайтыс болған адамның отбасы мүшелері:

біржолғы жәрдемақыны алуға құқығы бар адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін;

осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 18-ден 23 жасқа дейінгі балалар күндізгі оқу нысаны бойынша оқитыны туралы оқу орнынан анықтама;

қайтыс болған адаммен туыстық қатынастарын куәландыратын құжаттың (туу, неке, некені бұзу, әке болуды (ана болуды) анықтау туралы куәліктің) көшірмесін;

зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шотының нөмірі туралы мәліметтерді ұсынады.

32. Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемнің (өтемақының) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақының мөлшерін уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.

Уәкілетті мемлекеттік орган Мемлекеттік корпорация филиалына осы Қағидаларға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес 1-Б/ВС, 1-Б/ВС/2 нысандары бойынша қағаз немесе электрондық форматта хабарламалар, қайтыс болған адамдарды жерлеуге арналған біржолғы төлемдерді (өтемақыны) және олардың отбасыларына берілетін біржолғы жәрдемақыны төлеуге арналған өтінімдер жібереді.

33. Мемлекеттік корпорация филиалы осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақыны алушылардың тізім-ведомосін жасайды.

34. Өтінімдер негізінде Мемлекеттік корпорация қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемнің (өтемақының) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақының мөлшерін алушылардың көрсетілген шоттарына қаржыландыруды жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация зейнетақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған шоттарға қайтыс болған адамды жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) және оның отбасына берілетін біржолғы жәрдемақыны жеке тұлғаларға аударуды жүргізеді.

Мемлекеттік корпорация заңды тұлғаларға жерлеуге арналған біржолғы төлемді (өтемақыны) аударуды олардың ағымдағы шоттарына жүргізеді.

35. Мемлекеттік корпорацияның филиалдары зейнетақы төлемдерін алушы қайтыс болған, Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кеткен жағдайда (немесе уәкілетті органның сұратуы бойынша, басқа себептер бойынша) тоқтатылған төлемдер бойынша өткен жыл үшін айлар бойынша жүргізілген зейнетақы төлемдері туралы ОДҚ-дан берілген анықтамаларды уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынады.

36. Мемлекеттік корпорацияның филиалы жылына бір рет үзінді көшірмелерді түгендеуді жүргізеді, түгендеу жүргізген кезде ОДҚ-да есепте тұрған (қолданыстағы) зейнетақы төлемдерін алушылардың тізімін басып шығарады және бөлімшеге алушылардың сауалнама деректерінің (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, тұрғылықты мекенжайы, зейнетақы төлемдерінің ай сайынғы мөлшері, ұстап қалудың мөлшері) дұрыс толтырылуын тексеруге береді, ол аяқталғаннан кейін акт жасалады.

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл

және алты ай болған адамдар
кылмыстық-атқару
(пенитенциарлық) жүйесінің
тергеу изоляторлары мен
мекемелерінде орналасқан
медициналық ұйымдарда
жұмысын жалғастырған
жағдайда, осындай адамдарға
еңбек сіңірген жылдары үшін
зейнетақы төлемдерін
тағайындау және жүзеге асыру
қағидаларына
1-қосымша

(еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындайтын мемлекеттік органның атауы) Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау (қайта бастау) туралы өтініш

кімнен _____
(өтініш берушінің әскери (арнаулы) атағы, сыныптық шені, біліктілік сыныбы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),
тұратын мекенжайы: индексі _____ облысы/қаласы _____
қаласы (ауданы) _____ ауылы _____ көшесі (шағын ауданы) _____
үй _____ пәтер, телефоны _____
Банк атауы _____
Банктік (карта) шоты _____
Байланыс бөлімшесі _____
Менің жеке сәйкестендіру нөмірім (ЖСН) _____
Жеке басты куәландыратын құжат: № _____
Қашан және кім берді _____ жылғы " ____ " _____

Маған 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқықты тіркеген адам ретінде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды/қайта бастауды (қажеттісінің асты сызылады) сұраймын.

Бұдан бұрын (қай мемлекеттік органнан және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің/жәрдемақының мөлшері қандай, ал егер төлем тоқтатылған болса, онда қай уақыттан бастап) (қазіргі уақытта аламын немесе енді тағайындалды) _____ еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін/жәрдемақы (иә, жоқ) алдым _____

Өтінішке мыналарды қоса беремін: _____

Өтініш берушінің қолы _____ 20 _____ жылғы " ____ " _____

Өтініш 20 _____ жылғы " ____ " _____ қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

лауазымы және қолы: _____

Мемлекеттік қызметке әскери (арнаулы) атақ, сыныптық шен, біліктілік сыныбы беріліп қабылданған кезде, сондай-ақ тіркелген мекенжайым өзгерген кезде ол туралы еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындаған мемлекеттік органды бес күн мерзімде, ал Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне және Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде дереу хабардар етуге міндетті екенім туралы хабардармын. Төлем тағайындау үшін қажетті дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Өтініш берушінің қолы _____ 20 _____ жылғы " ____ " _____

(кесу сызығы)

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат

1. _____
2. _____
3. _____

(құжаттардың атауы көрсетіледі)

Құжаттар қабылданған күн 20 _____ жылғы " ____ " _____

(уәкілетті органның не оның бөлімшесінің атауы)

(құжаттарды қабылдаған лауазымды адамның Т.А.Ә.)

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік

қызметте кемінде он екі жыл
және алты ай болған адамдар
қылмыстық-атқару
(пенитенциарлық) жүйесінің
тергеу изоляторлары мен
мекемелерінде орналасқан
медициналық ұйымдарда
жұмысын жалғастырған
жағдайда, осындай адамдарға
еңбек сіңірген жылдары үшін
зейнетақы төлемдерін
тағайындау және жүзеге асыру
қағидаларына
2-қосымша
1-ИУ нысаны

**Бас бостандығынан айыруға сотталған және қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінде
жазасын өтеп жүрген адамның зейнеткерлік ісінен үзінді көшірме**

№ _____ зейнеткерлік іс

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Тұрғылықты мекенжайы _____

(сотталғанға дейін)

Зейнетақы төлемдерінің түрі _____

Сот шешімі _____

(соттың атауы, шешім шыққан күн, өтеу мерзімі)

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің мекенжайы _____

(пошталық)

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің БСН _____

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне қызмет көрсететін банктің деректемелері:

МҚҰ _____

Корреспонденттік шот _____

Банктің БСН _____ қолма-қол ақшаны бақылау шоты

(қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің)

_____ (банктің атауы, орналасқан жері)

М.О.	Басшы	_____	_____
		(қолы)	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
	Маман	_____	_____

		(қолы)	(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
--	--	--------	---------------------------------------

Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша
1-BC нысаны

Әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге ие болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (

пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдар қатарындағы зейнеткердің зейнеткерлік ісінен үзінді көшірме

№ _____ зейнеткерлік іс

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

Туған күні _____ жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі ___-бабы ___-тармағының _____ тармақшасына сәйкес еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған (қайта басталған, оның ішінде 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқықты тіркеген адамдарға) күн _____ жылғы "___" _____

(негіздемесі көрсетіледі)

Тұрғылықты мекенжайы (нақты) _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері _____ жылғы "___" _____ бастап жүргізілсін.

